

**6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия
докторы дәрежесіне ізденуші Жанат Кокеновна Каражанованың
«Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық
аспектілері)» диссертациясына ғылыми қенесшінің**

ПІКІРІ

Ж.К. Каражанованың «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы PhD докторлық диссертациясы қазіргі уақыттағы өзекті мәселелерге арналған.

Бүгінгі күні квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға ерекше қоңіл бөлініп отыр, себебі бұл секторлардағы сыйбайлас жемқорлық мемлекеттің тұрақты өркендеуіне кедергі келтіріп, коммерциялық тауарлар мен қызмет көрсетудің бәсекелестігіне жол бермей, мемлекет экономикасының қалыпты дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Жалпы жекеше сектор ел экономикасының 1/3 бөлігін алғандықтан, одан келетін зардал мемлекеттік сектордағы сыйбайлас жемқорлықтан кем болмауы ықтимал. Ал квазимемлекеттік және жекеше секторлар экономика саласының көп бөлігін алғандықтан, осы бағыттағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл экономиканың дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Диссертант жүргізген зерттеу квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауаптылық қарастырған құрамдардың толық жетілмелегендігін көрсетіп отыр. Сондай ақ, қылмыстық заңнамадағы квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлықтың зиянын түсіну, оларды дұрыс саралау, олардың ерекшеліктерін білу, оларға қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру бағыттары әлі күнге дейін толық шешімін таптай отыр. Демек мемлекеттік сектор субъектісіне жекеше сектор субъектісін жайғана теней салу қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселені бірден шешпейді, бұл бағытта жан жақты кешенді ғылыми зерттеу жүргізу керек.

Ізденуші квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлықтың тарихи аспектілерін зерттеп, сыйбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасу мәселелері жөнінде шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне салыстырмалы талдау жасаған. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының объективтік және субъективтік белгілеріне қатысты отандық қылмыстық заңнаманы жетілдіру ұсыныстарын жазған. Сондай-ақ, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың криминологиялық аспектісін толық талдап, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл шараларын нақты берген.

Зерттеу жұмысының нәтижелері еліміздің облыстық соттарында қаралған 100 жуық қылмыстық істердің материалдарымен, Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет мәліметтерімен дәлелденеді.

Диссертация бойынша тұжырымдар отандық және шетелдік заңнаманы салыстыру жолымен жасалған. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми мақалаларда жарық көрген.

Диссидентт өз жұмысында қылмыстық және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын тәжірибеле қолданудың тиімділігін зерттеп, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың жаңа шараларын қарастыруға ұсыныстар жасаған.

Диссертациялық зерттеудің шынайлық деңгейі мен ғылыми жаңалығы диссертацияның толық аяқталған кешенді зерттеу екенін көрсетеді.

Жанат Қокеновна Каражанованың «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келетін, кешенді жұмыс. Демек оның авторы 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
з.ғ.д., профессор**

«15 » мамыр 2019 ж.



Смағұлов А.А.